Ақселеу биігі

Бақытжан Нұрым Бақытжанұлы
Атасу орта мектебінің 9-сынын оқушысы

Арқадан сая таппай ауған киік,
Мынау сенің көз жасың жауған құйып.
Сарыарқада Ақсораң ең биік тау,
Жаңаарқада Ақселеу таудан биік.

Бағдат Мұбарак

Шежіре дерегі бойынша он екі ата тарақтының бір атасы Қыдыр болса, одан Қаржау, одан Есенкелді, одан Сүтемген, одан Наймантай батыр, одан Байғозы батыр туған. Байғозы батырдың алтыншы ұрпағы, белгілі жазушы, филология ғылымының кандидаты, этнолог Ақселеу Сланұлы Сейдімбеков. Әкесі Слан екінші дүние жүзілік соғыста қайтыс болып, әкесінің ағасы Аманбектің тәрбиесін көрген. «Менің атымды әкем қойып кеткен»,- дейтін көрінеді. Ол туралы жазушының замандасы Дүкенбай Досжан:- «Өзім дүниеге келгенде Ұлы Отан соғысының күйіп тұрған кезі екен. Әкем Сланды әскерге шақырады. Шешем үлкен үйде болса керек. «Шарананы көрсетіңдерші, бұл сапардан оралам ба, оралмаймын ба - маңдайынан бір иіскейін»,- деп үлкендерге өтініш жасапты. Шешем байғұс қызылшақаны көтеріп кеп әкеме ұстата қойыпты. Төбемде

түбіттей ақшыл шаш үрпиіп тұрса керек. -Ой, селеудей болған шашыңнан!.. Есімін Ақселеу қойыңдаршы»,-деп маңдайымнан бір иіскеп, шешемнің қолына қайырып беріпті. Соғысқа кеткен әкем оралмапты. Арқаның күзгі ақселеуіндей болып қарақан басым сопайып жалғыз өсіппін»,-деп құрдасым өзінің есімі туралы сөздің нәшін келтіріп айтып берген деп еске алады. Сол кеткеннен әкесі оралмапты. Ақселеу анасы Кәтәптың қолында қалады. Соғыстың ауыртпалығы елге қатты батып тұрған уақыт Слан әкесінің інісі Сейдімбекұлы Аманбек қол ұшын беріп, өз тәрбиесіне алады. Өзінің ұлы Әмзе, қызы Барқыттан артық мәпелеп өсірген. 1959 жылы Жаңаарқа ауданының орталығында №1 қазақ орта мектебін бітіреді. А.С.Сейдімбековтың өмірі мен қызметі шығармашылығы мен зерттеулері өз алдына таусылмайтын, зерттеуді қажет еттетін бөлек әңгіме.

Ал менің айтқым келіп отырғаны туған жерімнің «Қарауыл төбе», кейбірі «Бәйге төбе» атап кеткен төбесінің «Ақселеу биігі» аталып, Алаштың аяулы ұлы А.С.Сейдімбековтың мәңгілік мекеніне айналғандығын және өзі зерттеп жүрген туған жер төсіндегі белгі-бедерлердің қатарына қосылғандығымен таныстыру.

«Жаңаарқада Ақселеу таудан биік»,- деп Бағдат ақын жырлағандай, туған жерім Жаңаарқа ауданының орталығы Атасу кентінің батысына қарай орын тепкен «Ақселеу биігі» бір қырынан жер атын айқындап тұрғандай болса, түп негізі халқына еңбегін сіңірген абзал азамат, аяулы әке, елінің ағасы дана, дара туған жазушы Ақселеу Сланұлы Сейдімбековтың кім екендігін еліне паш етіп тұрғандай. Дана халқымыз:- «Жер тарихы- ел тарихы»,-деп танып, туған жер төсіндегі әрбір белгісіне мән беріп, асқар тауы мен аласа төбесін, айдын көлі мен арналы өзеніне, шұрайлы жазығы мен шұбарлы тоғайына, шөлі мен құмына баса назар аударып, әрбір тасын қадір тұтып, барлығына белгі, ат қойып онысын әр түрлі тәсілмен кейінгі ұрпағына жеткізіп отырған.

А.Сейдімбеков «Күңгір-күңгір күмбездер» атты еңбегінде «дәл бүгінгі таңда туған шаңырағыңнан бастап, өз мектебіңді, өз ауылыңды, өзіңнің қалаң мен даланды, туған елінді, бүкіл адамзатты сүю, осынау байтақ әлемдегі рухани асылдарды ардақ тұту-ең алдымен... адамның адамгершілік түйсік-сезімнің, дүниетаным түсініктің тегеурінділігі үшін де қажет. Туған жер төсіндегі тарихи мұраға немкетті қарау-туған ел тағдырына немкетті қараумен бара-бар... Сондықтан біз туған жердің төсіндегі белгі - бедерге мойын бұра отырып, өткенге ой зерделетеміз, болашағымызға жауапкершілікпен қарап, ертеңіміз үшін еркін әрекетпен батып күресеміз»,-деп жазған. Сол тарихи белгі-бедердің біріне «Ақселеу биігі» де айналды. Ғалым Ақселеу Сейдімбеков көзі тірі болғанда биылғы жылдың 12 желтоқсанында 70 жасқа толар еді. Бірақ бұл күнге жете алмай, 2009 жылдың қасиетті Рамазан айында Қадір түнін қарсы алып, ақ таңды атырып мәңгілікке көз жұмды. Соңына қазақ тарихы, қазақ шежіресі, халқының өмір-салты туралы оқырманның қолынан түспейтін, халқымен бірге жасай беретін еңбектері қалды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев:- «Белгілі қаламгер және этнограф -ғалым, халқымыздың үлкен жүректі, ұлтжанды азаматы Ақселеу Сейдімбек жан-жақты дарын иесі ретінде өзінің бүкіл білім мен қажыр-қайратын туған халқының мүддесіне бағыштап, мейлінше мақсатты әрі жемісті еңбек ете білген аса айтулы тұлға еді»,- деп бағалаған. Еуразиялық Ұлттық Университеттің А.С.Сейдімбеков атындағы Оқу залында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың

Ғалымның 60-жылдық мерейтойына « Аса қадірлі Ақселеу! Сонау жас кезімізден бір-бірімізді біліп, сыйласып келеміз. Сенің «Лениншіл жаста» корреспондент кезің менің металлургиядағы (Теміртаудағы) алғашқы қадамдарым есіме түседі. Зымырап уақыт өтті, сенде алпыстын асуына шықтың

Құтты болсын! Ғұмырлы бол, еңбегіңді еліңнен аяма. Жиі және жеке кездесіп тұрмасақта барша өмірің, шығармаларың көз алдымда өтіп жатты.

Ұлтжандылығыңа, еліңе, жеріңе деген үлкен жүрегіңе ризамын, Замандасым!

Торқалы тойыңның төріндемін, сыйлаймын, сендей азаматтар қазақта көп болса екен деп армандаймын.

60 жасты үлкен ғалым, елдің сыйлы азаматы ретінде атап, тойлап отырсың.

Жақсылықтар елімізде, бізде де ұзағынан болсын!»- деп

жүрек жарды құттықтауын өз қолымен жазып жолдаған құттықтау хаты сақтаулы.

Жастық дәурен тұрмас,
Қайта мойын бұрмас,
Тоқтамастай,
Шапқан аттай,
Атқан оқтай, дәурен-ай!
Өмір көркі тозбас,
Одан ешкім озбас,
Ескен желдей,
Көшкен сендей
Аққан селдей, дәурен-ай!
Аспандап алатын,
Асқақ қанатым,
Саған да кез келер, беу,шіркін,

Тыным табатын..,- деп әндетіп, кейінгі ұрпағы үшін тынбай еңбектеніп, баға жетпес мұра қалдырған біртуар тұлға 67 жасында өмірден озып, мәңгіге «тыным тапты».

Егер Ақселеу атамыз тірі болғанда Елбасымыз тағы да өз ризашылығын білдірерме еді, бірақ өмір-өзеннің арнасы басқаша ақты, өз дегенін істеді. Құттықтаудың орнына Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев:- «Ұлт руханиятының үлкен жанашыры әрі шынайы жоқтаушысы болған ардақты азаматтың еңбегі мен жарқын дидарын халқымыз әрдайым жүрегінде сақтайды деп сенемін»,- делінген көңіл айту жеделхатын марқұмның отбасына жолдады.

Ұлы тұлға Ақселеу Сланұлы Сейдімбеков мәңгілік жатар орнын өзі арнайы таңдап кеткен екен. Сондықтан да 2009 жылы 19 қыркүйекте ұлы тұлғаны жер қойнына тапсырып, қоштасқан қимастары, замандастары бірауыздан осы төбені «Ақселеу биігі»,- деп атайық деп бәтуаласқан. Осылайша «Қарауылтөбе» («Бәйге төбе») «Ақселеу биігі» атанып, мәртебесі өсті.

Көне көз қария Күлмағанбетов Жақаңнан алған дерегім бойынша, ертеде Ақтау жақтан мал айдап келе жатқан малшылар Сарысуға тоқтаған, сол мандағы төбеге қарауыл қойып, малға қараған, сондықтан «Қарауылтөбе» атанса керек дейді. Бүгінгі күнде «Ақселеу биігі» - белгілі жазушы, көрнекті әдебиеттанушы, сазгер, фольклоршы, тарихшы-этнолог, өнер зерттеушісі Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, филология ғылымының докторы Ақселеу Сейдімбековтың атымен аталған төбе. Алаштың Ақселеуіне мәңгі тұғыр болған Жаңаарқаның жатаған бір төбесі «Ақселеу биігі» атанып мәртебесі көтерілді. Өзі қазбалап, ынта қойып зерттеп жүрген туған жеріндегі белгі-бедерлердің қатарына «Ақселеу биігі» де қосылды.

Қазір А.Сейдімбековтың атында Астана қаласында мектеп (№ 54 мектеп-лицей) бар және онда мемориалдық мұражай ашылған. Еуразия Ұлттық Университетінде А.С.Сейдімбеков атында Оқу залы бар. Туған жері Жаңаарқа ауданының Атасу кентінде Ақселеу Сейдімбеков атындағы көше бар.

Осы жұмысты жазу барысында А.Сейдімбековтың «Қазақтың қысқаша тарихы», «Күңгір-күңгір күмбездер», «Қазақ әлемі» еңбектерін, «Қазақтың төл шежіресі» плакатын тағы басқа еңбектері мен бұқаралық ақпарат құралдарын, интернет материалдарын қарап шығып пайдаландым, бірақ әлі де толықтай оқи алмағандарым жетерлік. Болашақта әрбір шығармасын толықтай оқып, танысуды мақсат етемін. Сондықтан мектептерде, жоғары оқу орындарында «Ақселеутану», «Ақселеу оқуларын» жүргізу қолға алынса деймін.

Ақселеу Сланұлы Сейдімбековтың 70 жылдығы Республикалық кең көлемде атап өтіліп, іс-шаралар жүргізілсе деген тілегімді білдіремін.

Ақаң-Ақселеу атамыз өлген жоқ артында мол мұрасы, туған жер төсінде аты қалды.

Жаңаарқа. - 2012. - 18 тамыз (№ 38). - 8 б.